

«Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жын**

**№ 4 хаттама**

**Откізілген күні:** 27.07.2023 жыл

**Қатысқандар:** Кәсіпорын басшысы, басшының орынбасарлары, менгерушілер, аға дәрігерлер, медбикелер және ардагерлер қатысты.

**Күн тәртібі:**

- 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**  
Аудандық орталық ауруханасының басшысы: Е. Нұрлыханов
- 2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ талдау**
- 3. Түрлі мәселелер** Жын мүшелері

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша аудандық орталық ауруханасының басшысы Е.Нұрлыханов

Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады. 2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бүйріғына сәйкес «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырыды.

Екінші мәселе бойынша «Ардагерлер үйімі» кеңесінің төрағасы Б.Арзықұлов өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған аудандық ардагерлер кеңесі торағасының орынбасары Т.Әбікеев анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыйбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауга бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізуің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті. ардагерлер төрағасының хатшысы Қ.Төлепов: «Егер сіздер тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздар ма? Уәкілетті тұлға А.Амирсеитов жауап берді: «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ҰСЫНЫМДАР жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыйбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздең жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

«Ардагерлер үйімі» төрағасы және ардагерлер жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.


#### Қаулы:

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы заңгер м.у.а А.Амирсеитовке жүктелсін.
2. Аудандық орталық ауруханасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы науқастарды қолдау және ішкі бақылау бөлімінің басшысы Е.Тулеповке жүктелсін.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы персоналды басқару және мұрағатпен қамтамсыз ету бөлімінің инспекторы А.Байзакұлына жүктелсін.
4. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет «Отырадар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жарияландысын.

Жиналыс төрғасы :

 Е. Нұрлыханов

Хатшы:

 А. Амирсеитов